

Павлодар облысы су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы әкімдігінің 2022 жылғы 11 шілдедегі № 197/2 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 18 шілдеде № 28834 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы әкімдігінің 2025 жылғы 22 қыркүйектегі № 253/1 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы әкімдігінің 22.09.2025 № 253/1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Су кодексінің 39-бабының 2), 2-1) тармақшаларына және 116-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 18 мамырдағы № 19-1/446 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11838 болып тіркелген) бекітілген Су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу қағидаларының 5-тармағына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Павлодар облысының су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулері осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес белгіленсін.
2. Павлодар облысының су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін шаруашылықта пайдалану режимі осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес белгіленсін.
3. Осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес Павлодар облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.
4. "Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.
5. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

6. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Павлодар облысының әкімі

А. Скаков

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы

Экология, геология және табиғи ресурстар

министрлігі Су ресурстары комитетінің

Су ресурстарын пайдалануды реттеу

және қорғау жөніндегі Ертіс бассейндік

инспекциясы" Республикалық

мемлекеттік мекемесі

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрлігі

Санитариялық-эпидемиологиялық

бақылау комитетінің Павлодар

облысының санитариялық-

эпидемиологиялық бақылау

департаменті" республикалық

мемлекеттік мекемесі

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы

Экология, геология және табиғи

ресурстар министрлігі

Экологиялық реттеу және бақылау

комитетінің Павлодар облысы

бойынша департаменті"

республикалық мемлекеттік мекемесі

Павлодар облысы әкімдігінің

2022 жылғы 11 шілдедегі

№ 197/2 қаулысына

1-қосымша

Павлодар облысы су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулері

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – Павлодар облысы әкімдігінің 26.12.2024 № 318/2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р/с №	С у объектісінің атауы	Орналасқан жері	Су қорғау аймағының ауданы (гектар)	Су қорғау белдеуінің (ауданы (гектар)	Су қорғау аймағының ені (метр)	Су қорғау белдеуінің ені (метр)
-------	------------------------	-----------------	-------------------------------------	---------------------------------------	--------------------------------	---------------------------------

Павлодар қаласы						
1	Ертіс өзені	Павлодар қаласы-оң жағалау	554	5666	105-4270	35-3210
2	Ертіс өзені	Павлодар қаласы-сол жағалау	58	3032	4293-5785	4223-5715
3	Қара Бидайық көлі	Павлодар қаласы	396,0150	26,6590	500	35
Павлодар қаласының ауылдық аймағы						
4	Мойылды көлі	Мойылды ауылы	163,4	16,6	300	35
Екібастұз қаласының ауылдық аймағы						
5	Шідерті өзені	Шідерті ауылы	16,9634	1,1789	500	35
6	Темірастау өзені	Төрт-Құдық ауылдық аймағы	554,3658	44,8152	254-500	35
Ақсу қаласының ауылдық аймағы						
7	Ертіс өзені	А қ с у қаласының ауылдық аймағы	1242	59517	105-14290	35-13240
Ақтоғай ауданы						
8	Ертіс өзені	Ақтоғай ауданы	8400	43997	115-11335	35-8200
Железин ауданы						
9	Ертіс өзені	Железин ауданы	5700	8253	216-8232	36-7081
Ертіс ауданы						
10	Ертіс өзені	Ертіс ауданы	11100	41842	59-8960	35-6265
11	Бірсуат өзені	Аманкелді ауылдық аймағы – оң жағалау	14,2542	1,0231	500	35
12	Бірсуат өзені	Аманкелді ауылдық аймағы – сол жағалау	13,8733	0,9952	500	35
Май ауданы						
13	Ертіс өзені	Май ауданы	13500	73848	950-11926	880-10676
14	Кемертұз көлі	Май ауданы	103	21,8	500	100
15	Ащысу өзені	Май ауданы	162,7	16,3	500	55
Ақкулы ауданы						
16	Ертіс өзені	Ақкулы ауданы	1000	44498	67-12332	35-11326

17	Тұз көлі	Аққулы ауданы	1259	195	500-1300	100
18	Қалатұз көлі	Аққулы ауданы	2570	40	500-3130	35
19	Қожа көлі	Аққулы ауданы	188	54	300-500	100
Тереңкөл ауданы						
20	Ертіс өзені	Тереңкөл ауданы	9600	29323	45-11595	38-9210
Павлодар ауданы						
21	Ертіс өзені	Павлодар ауданы	9046	55549	51-14002	35-10699
22	Маралды көлі	Павлодар ауданы	852,1	71,1	500	35
Баянауыл ауданы						
23	Біржанкөл көлі	Құндыкөл ауылдық округі	81,5	7,5	500	35
24	Сабындыкөл көлі	Баянауыл ауылдық округі	495,6	37,7	500	35
25	Ақсор көлі	Баянауыл ауданы	212,4	23,88	300	35
26	Тұз көлі	Баянауыл ауданы	1797	160	500-2400	100
Шарбақты ауданы						
27	Маралды көлі	Шарбақты ауданы	1006,4	80,3	500	35
28	Бура көлі	Шарбақты ауданы	351	17	500-570	35

Павлодар облысы әкімдігінің
2022 жылғы 11 шілдедегі
№ 197/2 қаулысына
2 – қосымша

Павлодар облысының су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін шаруашылықта пайдалану режимі

1. Су қорғау белдеулерінің шегінде жол берілмейді:

1) су объектілерінің сапалық және гидрологиялық жай-күйін нашарлататын (ластану, қоқыстану, сарқылу) шаруашылық қызметіне немесе өзге де қызметке;

2) Қазақстан Республикасының Су кодексінің 145-1-бабында көрсетілген ережелерді, су шаруашылығы және су жинайтын құрылысжайлар мен олардың коммуникацияларын, көпірлерді, көпір құрылысжайларын, айлақтарды, порттарды, пирстерді және су көлігі қызметіне байланысты өзге де көліктік

инфрақұрылым, кәсіпшілік балық өсіру, балық шаруашылығы технологиялық су айдындары объектілерін, жаңартылатын энергия көздерін (гидродинамикалық су энергиясын) пайдалану объектілерін, сондай-ақ су объектісіндегі рекреациялық аймақтарды қоспағанда, демалыс және (немесе) сауықтыру мақсатындағы ғимараттар мен құрылысжайларды салмай, ғимараттар мен құрылысжайларды салуға және пайдалануға;

3) бау-бақша егуге және саяжай салуға жер учаскелерін беруге;

4) су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануын болғызбайтын құрылыстармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген қазіргі бар объектілерді пайдалануға;

5) жекелеген учаскелерді шалғындандыруға, егін егуге және ағаш отырғызуға арналған жерлерді өңдеуді қоспағанда, топырақ және өсімдік қабатын бұзатын жұмыстарды жүргізуге (оның ішінде жер жыртуға, мал жаюға, пайдалы қазбаларды өндіруге);

6) шатыр қалашықтарын, көлік құралдары үшін тұрақты тұрақтарды, малдың жазғы жайылым қостарын орналастыруға;

7) пестицидтер мен тыңайтқыштардың барлық түрлерін қолдануға тыйым салынады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Павлодар облысы әкімдігінің 26.12.2024 № 318/2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Су қорғау аймақтарының шегінде жол берілмейді:

1) су объектілерін және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануы мен қоқыстануын болғызбайтын құрылыстармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және реконструкцияланған объектілерді пайдалануға беруге;

2) ғимараттарға, құрылыстарға, коммуникацияларға және басқа да объектілерге реконструкция жүргізуге, сондай-ақ құрылыс, су түбін тереңдету және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, пайдалы қазбалар өндіруге, кәбіл, құбыр және басқа да коммуникацияларды төсеуге, белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдармен, бассейндік инспекциялармен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен және басқа да мүдделі органдармен келісілген жобасы жоқ бұрғылау, жер қазу және өзге де жұмыстар жүргізуге;

3) тыңайтқыштар, пестицидтер, мұнай өнімдерін сақтайтын қоймаларды, көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету, оларды жуу пункттерін, механикалық шеберханаларды, тұрмыстық және өнеркәсіп қалдықтарын төгетін құрылғыны, аппаратураларды

пестицидтермен толтыратын алаңдарды, авиациялық-химиялық жұмыстар жүргізуге арналған ұшу-қону жолақтарын орналастыруға және салуға, сондай-ақ судың сапасына кері әсер ететін басқа да объектілерді орналастыруға;

4) мал шаруашылығы фермалары мен кешендерін, сарқынды су жинағыштарды, сарқынды сумен суарылатын егістіктерді, зираттарды, мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), сондай-ақ жерүсті және жерасты суларының микробпен ластану қаупіне себепші болатын басқа да объектілерді орналастыруға;

5) жүктелім нормасынан асырып мал жаюға, су тоғандарының режимін нашарлататын мал тоғыту мен санитариялық өңдеуге және шаруашылық қызметінің басқа да түрлеріне;

6) су көздеріндегі су кемерінен екі мың метрге жетпейтін қашықтықта орналасқан ауыл шаруашылығы дақылдары мен орман екпелерін пестицидтермен авиациялық өңдеу және авиация арқылы минералдық тыңайтқыштармен қоректендіру тәсілін қолдануға;

7) концентрациясының жол берілетін шегі белгіленбеген пестицидтерді қолдануға, қардың үстіне тыңайтқыш себуге, сондай-ақ залалсыздандырылмаған көң қосылған сарқынды суды және тұрақты хлорорганикалық пестицидтерді тыңайтқыш ретінде пайдалануға тыйым салынады.

Су қорғау аймағында мәжбүрлі санитариялық өңдеу жүргізу қажет болған жағдайда уыттылығы әлсіз және орташа тұрақсыз пестицидтерді қолдануға жол беріледі.

Павлодар облысы әкімдігінің
2022 жылғы 11 шілдедегі
№ 197/2 қаулысына
3 – қосымша

Павлодар облысы әкімдігінің күші жойылған кейбір қаулыларының тізбесі

1. Павлодар облысы әкімдігінің 2008 жылғы 20 тамыздағы "Павлодар облысы шекараларындағы Ертіс өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу туралы" № 219/8 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3124 болып тіркелген).

2. Павлодар облысы әкімдігінің 2009 жылғы 6 сәуірдегі "Павлодар және Ақсу қалаларының аумағындағы Ертіс өзенінің, Біржанкөл, Жасыбай, Сабындыкөл, Торайғыр, Маралды, және Мойылды көлдерінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу туралы" № 92/6 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3134 болып тіркелген).

3. Павлодар облысы әкімдігінің 2015 жылғы 29 қаңтардағы "Павлодар облысы әкімдігінің 2008 жылғы 20 тамыздағы "Павлодар облысы шекараларындағы Ертіс өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу

туралы" № 219/8 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" № 25/1 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4321 болып тіркелген).

4. Павлодар облысы әкімдігінің 2015 жылғы 10 қарашадағы "Павлодар облысы әкімдігінің 2008 жылғы 20 тамыздағы "Павлодар облысы шекараларындағы Ертіс өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу туралы" № 219/8 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" № 313/11 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4837 болып тіркелген).

5. Павлодар облысы әкімдігінің 2017 жылғы 17 наурыздағы "Павлодар облысы әкімдігінің 2008 жылғы 20 тамыздағы "Павлодар облысы шекараларындағы Ертіс өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу туралы" № 219/8 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" № 63-1/2 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5482 болып тіркелген).